

Қазақтың халық музыкасы. Халық музыкасының
жанрлары



Қазақ халық музыкасы – қазақ
ұлтының дәстүрлі музыкасы, қазақ
фольклорының маңызды саласы.

Қазақ халқының музыка мұрасы аса бай.

Оның эпикалық жанрлары:

жыр,

толғау,

терме,

желдірме,

лирикалық әндері,

айтыс өнері



Қазақ халық музыкасының тарихы

Қазақ халық музыкасының тарихына көне түркі дәуірінен бергі кезеңдегі музыка үлгілері мен тарихи-мәдени мәліметтер енеді.

Қазақ фольклорының елеулі бір арнасы – эпос. Оған тән музыкалық мақам-саздардың қазақ мәдениетінен алатын орны ерекше. Әдеби мәтінге қарағанда музыкалық мақамның марқалау болатыны белгілі. Қазақ эпосы негізінен екі түрлі поэзиялық өлшемге негізделсе (7 – 8 буынды жыр және 11 буынды қара өлең), оның мақамы да осы жүйеге құрылады. Қазақ музыкасындағы сырлы сазды, терең толғанысқа толы кең тынысты, әуезді әндер – 19 ғасырдан желі тартса, речитативті әуенге құрылған эпикалық дәстүр – алғашқы, лирикалық әндер – соңғы құбылыс. Бірақ, дәстүр тұрғысынан келгенде қазақ даласының түрлі аймақтарында олардың бәрі бірдей сақтала бермеген. Сыр бойы, Атырау алқабында – эпос, Жетісуда – терме, Орталық Қазақстанда кең тынысты лирикалық әндер басым дамыған.






Қазақ музыкасы ауызекі дәстүрге негізделген суырып салмалық өнермен қатар жеке өнер саласы, тіпті ілім ретінде де қалыптасып келеді. Ертедегі орхон-енисей жазбалары, орта ғасырлардағы **Қорқыт**, оғыз еліндегі қобыз культі туралы деректер түркі тайпаларының музыкалық мәдениетінен хабар береді. Одан бергі жерде **әл-Фараби**, **Ибн-Сина**, **Әбдірахман Жәми**, **Дәруіш Әли**, т.б. көптеген шығыс ойшылдарының музыка өнеріне қатысты теориялық еңбектері де болған. Фарабидің “Музыканың ұлы кітабы” күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоймаған, әлі де толық зерттеліп болмаған мұра. Мұның өзі қазақ музыкасының бірде шаманизм, бірде зороастризм, бірде ислам мәдениетінің аясында қалыптасып келгенін аңғартады. 15 – 18 ғасырлардағы жыраулық өнер тудырған эпик дәстүрдің Қазақ музыкасынан алатын орны ерекше.

Қазақтың халық музыкалық аспаптары
Қазақ музыканың үлкен бір арнасы – қобыз,
сыбызғы және домбыра күйлері. Бұл үшеуінің
де арнайы музыкалық қоры мол сақталған, сол
себепті халық аспаптары ретінде танылады. Ал
жетіген, адырна, үскірік, шаңқобыз, асатаяқ
секілді музыкалық аспаптар фольклорлық
сатыда ғана көрінеді. Олардың ұлттық
сипатынан гөрі типологиялық табиғаты
үстем. Мысалы, бір ғана шаңқобыз аспабын
кеңес дәуіріндегі халықтардың барлығынан
дерлік кездестіруге болады. Музыкалық
аспаптар бүгінде олардың дыбыс шығару
ерекшеліктеріне сай хордофон, идиофон және
аэрофон болып жіктеліп жүр.



Шертпелі екі түрге бөлінеді: қолмен және ысқышпен.

Қолмен: домбыра және шертер, ысқышпен: қобыз.



Үрлемелі: сыбызғы, сазсырнай, шаңқобыз.



Ұрмалы: дауылпаз және даңғара.



Сілкімелі: асатаяқ және сылдырмақ жатады



Жыр (көне түркі тілінде - иыр)



- 1) кең мағынада, поэзиялық шығармалардың жалпы атауы. Көне түркі тіліндегі "иыр" сөзі де қазіргі "поэзия" терминінің мағынасында қолданылған. Бұл атау дәл осы мағынада қазіргі қарақалпақ, қырғыз, ноғай, қарашай, балқар, башқұрт, татар, тағы басқа түркі тілдерінде әлі күнге дейін қолданылады;
- 2) тар мағынада - қазақ халық поэзиясындағы 7 - 8 буынды өлең өлшемі, поэзиялық шығарма жанры. Қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры, тарихи жырлар, лиро эпостық жырлар, жоқтаулар, жыраулар поэзиясы, толғаулар, термелер, тағы басқа түгелдерлік поэзияның осы өлшемдегі үлгісіне құрылған. Поэзиядағы бұл жанрды жазба әдебиет өкілдері де (Абай, С.Торайғыров, тағы басқа) орнымен пайдаланған. Буын санының бірқалыпқа түсіп тұрақтануы - Жыр жанры дамуының соңғы кезеңдерінде пайда болған құбылыс. Ежелгі замандардағы Жыр өлшеміне аралас буын тән болған. Мұндай өлшем қазақ халқының толғауларында, ноғай халқының йырларында, башқұрт халқының қобайырларында, қырғыз халқының санатында сақталған. Тармақтарындағы буын саны 7-ден 15-ке дейін жетеді. Аралас буынды үлгілер батырлар жырында да кездеседі.






Толғау - қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының ауызша поэзиясында кең тараған жанр. Толғау тектес сөз үлгілерін қырғыздар "*санатна-сыятырлар*", құмықтар "*ойлу йырлар*", башқұрттар "*қобайыр*" деп атайды.

Ноғай мен құмық әдебиетінде ерлік толғауы мағынасында қолданылады. Толғаудың жанр ретінде қалыптасуы аталған халықтар әлі бөлініп үлгермеген 13 - 14 ғасырларға сәйкес келеді. 15 - 19 ғасырлардағы қазақ поэзиясында ерекше өркендеп, өзінің жоғары даму сатысына жетті. Толғау тарихы жыраулық поэзияға тікелей қатысты. Көрнекті өкілдері Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар, Дулат, Махамбет, Базар, т. б.





Терме-казак халық поэзиясында қалыптасқан лирикалық өлең түрі. Терме сөз бен әуен сабақтасып келгендіктен. Ол синкретті өнерге жатады. Сөздің мағынасы, әсерлілігі, ырғағы ширақ келуі қандай маңызды болса, әуеннің, аспаптық (домбыра) сүйемелдің де үлкен мәні бар. Терме сөзді айқын, анық жеткізуге лайық қысқа қайырылатын, жеңіл желдірмелі әуенмен (регитатив) айтылады. Терме - казакпен қатар, карақалпақ, қырғыз, өзбек халық шығармашылығында да тарихи орны бар жанрлық қазақстанның батыс аймағы мен Сыр бойында терме дәстүрі әсіресе мол дамыған. Халықтық дәстүрлер негізінде қазіргі кезде терме айтыс өнері қайтадан жаңғырып, жандана түсті. Термешілік өнердің кең құлаш жаюына теледидар, радио, ақындар айтысынын өткізілуі зор мүмкіндік туғызып отыр.





«Желдірме» - [Абайдың домбыраға](#) арналған ән- күйі. Бүгінде жалпы қазақтың күйшілік дәстүрінде «[ән-күй](#)» және «[жыр-күй](#)» деген 2 [жанрдың](#) көне дәуірден бастау алып келе жатқаны анықталып отыр. «Жыр-күй» Қарақалпақ өңірін мекендеген қазақ жұртына тән болса, «[ән-күй](#)» Арқада, [Шығыс Қазақстан](#) жері мен Таулы [Алтай](#) аймағында, [Моңғолия](#) қазақтарының арасында кеңінен тараған. [Абайдың](#) «Желдірмесі» - осындай ұлттық дәстүр негізінде туған шығарма. Бұл күй ән жанрымен, ұлттық мелодиялық сазымен, синкретті түрімен, әуендік ырғақ желісімен ерекшеленеді. 4; 6; 4, 3, 5, 6, 5; 4; 4, 3, 4, 6, 3, 4, 4; 4; 4; 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4, 4 болып келетін аралас өлшем ырғақ ұялары ән-өлең өрнегімен сабақтасып жатады. Күйді 1977 ж. [музыкалық](#) зерттеушісі Қ. Түсіпұлы Жүзбасов [Шығыс Қазақстан](#) облысының Қатонқарағай аулында тұратын Демшінов Хамзадан таспаға жазып, нотаға түсірген. Бұл күй алғаш рет [Абайдың](#) «Айттым сәлем, қалам қас» деген [ән-күй](#) жинағына енгізілді.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!

